



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

08.07.2021 № 2-010336-21-45876

16.06.2021ж. №ДЗ-220

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық
партиясы фракциясының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде қысқы қымбаттаудың құнын ұстап қалудың негізділігі бойынша сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарады.

Прокуратура органдары қадағалау қызметі шеңберінде іс жүзінде көктемгі-жазғы кезеңде орындалса да, қысқы уақыттағы құрылыс-монтаждау жұмыстары (бұдан әрі – ҚМЖ) үшін ақшалай қаражатты негізсіз аудару фактілерін анықтайды.

«Қысқы уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша шығындардың сметалық нормаларының жинағы» 8.04-06-2015 Қосымша шығындар нормаларының (бұдан әрі – ҚШН) 1-тармағына сәйкес, осы Жинақтың сметалық нормалары қысқы уақытта ҚМЖ өндіру кезінде қосымша шығындарды айқындау үшін қолданылады.

ҚШН-ның 4-тармағына сәйкес құрылыс түрлері бойынша сметалық нормалар орташа жылдық болып табылады және орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін есеп айырысу кезінде құрылыс жүзеге асырылатын жылдың нақты уақытына қарамастан жыл бойы қолданылады.

Бұл ретте, жұмыс өндірісінің күрделенуіне байланысты шығындарды ескереді. Оларға (ҚШН-ның 8-тармағы):

- еңбек өнімділігінің төмендеуі (қысқы уақытта көрінудің нашарлауы; аяқ киімнің, материалдардың, конструкциялардың, құрал-саймандардың мұздануы және т.б.);
- сыртқы ауаның теріс температурасы кезінде ҚМЖ өндірісі (қатып қалған топырақты қопсыту; қар құрсауынан қоршау және т.б.);
- қысқы уақытта жұмыстарды орындау кезінде материалдардың жоғалуы жатады.

Осыған байланысты мемлекеттік сатып алуға тапсырыс берушілердің атына заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы ұсынулар енгізіледі (64 ұсыну енгізілді: 2020ж. – 19, 2021ж. – 45).

Қадағалау актілерінде негізсіз төленген ақшалай қаражатты қайтару бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

Тапсырыс берушілер оларды өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізуде (жалпы сомасы 306,8 млн теңгеге 165 талап қою берілді: 2020ж. – 34, 2021ж. – 131).

Әдетте, соттар талап қою талаптарын қанағаттандырады (қаралған 48-ден 60,8 млн теңгеге 44-і қанағаттандырылды, 14,7 млн теңгеге 4-і қанағаттандырудан бас тартылды).

Әрбір нақты жағдайда сот барлық мән-жайларды, талаптардың негізділігін тексереді және ұсынылған материалдар мен тараптардың дәлелдерін негізге ала отырып, шешім қабылдайды.

Занды күшіне енген сот актілерінің күшін Азаматтық процестік кодексте (бұдан әрі – АПК) белгіленген тәртіппен жоғары тұрған сот жоюы немесе өзгертуі мүмкін.

АПК-нің 22-бабының, 435-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот шешіміне, қаулысына шағымдану құқығы тараптарға, іске қатысушы адамдарға, сондай-ақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот актілері шығарылған адамдарға тиесілі.

Осылайша, азаматтық істер бойынша сот актілерімен келіспеген жағдайда, мердігерлер оларға тікелей Жоғарғы Сотқа шағымдануға құқылы.

Қалыптасқан сот практикасын ескере отырып, енгізілген қадағалау актілері негізді деп санаймыз.

Сонымен бірге пандемия мен карантиндік іс-шаралардың салдарынан туындаған күрделі экономикалық жағдайды ескере отырып, аумақтық прокурорлар қаралып отырған мәселе бойынша қадағалау актілерін енгізу практикасын аяқтауға бағдарланды.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Б. Асыллов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

08.07.2021 № 2-010336-21-45876

16.06.2021ж. №ДЗ-220

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
от фракции Демократической
партии Казахстана «Ак жол»
(по списку)**

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос по обоснованности удержания стоимости зимнего удорожания при строительно-монтажных работах.

В рамках надзорной деятельности органами прокуратуры устанавливаются факты необоснованного перечисления денежных средств за строительно-монтажные работы (далее – СМР) в зимнее время, тогда как они фактически выполнены в весенне-летний период.

Согласно п.1 Норм дополнительных затрат 8.04-06-2015 «Сборник сметных норм дополнительных затрат при производстве строительно-монтажных работ в зимнее время» (далее – НДЗ) сметные нормы настоящего Сборника применяются для определения дополнительных затрат при производстве СМР в зимнее время.

В соответствии с п.4 НДЗ сметные нормы по видам строительства являются среднегодовыми и при расчетах за выполненные строительно-монтажные работы применяются круглогодично независимо от фактического времени года, в течение которого осуществляется строительство.

При этом учитываются затраты, связанные с усложнением производства работ. К ним относятся (п.8 НДЗ):

- снижение производительности труда (ухудшение видимости в зимнее время; обледенение обуви, материалов, конструкций, инструментов и т.п.);
- производство СМР при отрицательной температуре наружного воздуха (рыхление мерзлых грунтов; ограждение от снежных заносов и т.п.);
- потери материалов при выполнении работ в зимнее время.

В этой связи в адрес заказчиков госзакупок вносятся представления об устранении нарушений законности (внесено 64 представления: 2020г. – 19, 2021г. – 45).

В актах надзора предлагается принять меры по возврату необоснованно оплаченных денежных средств.

Заказчики проводят работу по их взысканию (подано 165 исков на общую сумму 306,8 млн тенге: 2020г. – 34, 2021г. – 131).

Как правило, судами исковые требования удовлетворяются (из 48 рассмотренных 44 на 60,8 млн тенге удовлетворены, по 4 на 14,7 млн тенге в удовлетворении отказано).

Следует отметить, что в каждом конкретном случае суд проверяет все обстоятельства, обоснованность требований и, исходя из представленных материалов и доводов сторон, принимает решение.

Вступившие в законную силу судебные акты могут быть отменены или изменены вышестоящим судом в установленном Гражданским процессуальным кодексом (далее – ГПК) порядке.

В силу ст.22, ч.1 ст.435 ГПК право обжалования решения, постановления суда принадлежит сторонам, лицам, участвующим в деле, а также лицам, в отношении прав и обязанностей которых вынесены судебные акты.

Таким образом, в случае несогласия с судебными актами по гражданским делам, подрядчики вправе самостоятельно обжаловать их непосредственно в Верховный Суд.

С учетом сформировавшейся судебной практики полагаем, что внесенные акты надзора являются обоснованными.

В то же время, учитывая сложную экономическую ситуацию, вызванную последствиями пандемии и карантинных мероприятий, территориальные прокуроры ориентированы на завершение практики внесения актов надзора по рассматриваемому вопросу.

**И.о. Генерального Прокурора
Республики Казахстан**

Б. Асыллов